

## **Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының ғимаратын жобалау мен оның құрылысын салуды жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1998 жылғы 7 сәуірдегі N 62

Ақмола қаласында Сауд Аравиясының Королдігі гранты қаражатының есебінен Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты ғимаратының құрылысын салу мақсатында :

Ақмола қаласының әкімі (Ә.Р.Жақсыбеков):

Ақмола қаласында Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты ғимаратының құрылысына жер учаскесін бөлсін;

Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының Аппаратымен бірлесіп конкурстық негізде Ақмола қаласында Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының ғимаратын жобалау мен оның құрылысын салуды жүзеге асырсын.

**Премьер - Министр**